

DOI 10.52260/2304-7216.2023.1(50).18
 ЭОЖ 338.43
 FTAMP 06.71.07

Р.А. Егембердиев, PhD докторанты¹

А.М. Есиркепова*, э.ғ.д., профессор²

А.А. Камалов, э.ғ.к.³

Г.М. Мухамедиева, PhD⁴

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
 университеті, Шымкент қ., Қазақстан¹

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
 Мемлекеттік басқару академиясы,
 Шымкент қ., Қазақстан²

Орталық Азия инновациялық университеті,
 Шымкент қ., Қазақстан³

Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті,
 Алматы қ., Қазақстан⁴

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
 e-mail: essirkepova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІ ИМПОРТЫН АЛМАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі мал шаруашылығы өнімдері бойынша импортты алмастырудың рөлі қарастырылған. Мал шаруашылығы өнімдерін импортты алмастырудың әртүрлі жақтарымен байланысты ғалымдардың зерттеулеріне ерекше назар аударылған: импортталатын тауарлардың сапасы; өнімдердің азаматтардың өмір сүру сапасына әсері; нарықтағы баға белгілеу мәселелері; өнімді жеткізу ерекшеліктері; азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету; ішкі өндірушіні қорғау тетіктері; өндірісті технологиялық жаңғыртуды ынталандыру. Мақала авторлары мал шаруашылығы өнімдері импортын алмастырудың дамуына кедергі келтіретін негізгі мәселелерді анықтаған: жоғары өзіндік құнына байланысты импортталғандармен салыстырғанда отандық тауарлардың жоғары бағасы; өндіріс технологияларының артта қалуына байланысты тауарлардың төмен сапасы; отандық өнімнің сапасы бойынша қажетті ақпараттық жарнаманың болмауы; мамандандыру бойынша нақты маркетингтік стратегияны және әлемдік нарықтың салыстырмалы артықшылықтарын елемей; ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының дамуына байланысты тұрғындардың үлкен қалаларға кетуі. Мақалада отандық мал шаруашылығы өнімдері импортын алмастыру саясатын күшейтуге бағытталған шаралар кешені ұсынылған: ішкі сұранысты ұлғайтуға және импортқа сұранысты оңтайландыруға ықпал ететін отандық өнімді ілгерілету үшін тиімді сауда ақпараттық жүйесін жүргізу; импортты алмастырудың тиімді тетіктерін және импортты шектеу тәсілдерін қолдану; мал шаруашылығының отандық өнімін сыртқы нарықтарға қайта бағдарлау; ғалымдардың ғылыми зерттеулерін ескере отырып, озыңқы импортты алмастыру саясатын құру.

Кілт сөздер: мал шаруашылығы, шикізат, өнім, импорт, экспорт, импорт алмастыру, сапа, тиімділік, азық-түлік қауіпсіздігі, бәсекеге қабілеттілік

Ключевые слова: животноводство, сырье, продукция, импорт, экспорт, импортозамещение, качество, развитие, продовольственная безопасность, конкурентоспособность

Keywords: animal husbandry, raw materials, products, import, export, import substitution, quality, development, food security, competitiveness

Кіріспе. Еліміздің дамуы үшін өзіндік негізгі азық-түлік өнімдерімен халықты қамтамасыз ету стратегиясын іске асыру негізгі бағыттардың бірі болып келеді. Әсіресе, мал шаруашылығы өнімдері импортын алмастыру және оларды экспортқа шығару мал шаруашылығы саласындағы толық пайдаланылмай отырған мүмкіндіктің бірі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында шикізаттық емес өнімдер экспортын қолдау және ауылдық аумақтарды дамыту қажеттігін атап өтті. Мемлекет басшысы мал шаруашылығы саласының осы мақсатқа жетудегі рөлін нақтылап көрсетті [1].

Осыған байланысты тұтынушыларға қолжетімді бағамен мал шаруашылығы өнімдерінің ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету және импорттық тауарларды барынша қысқарту қажет. Бұл шара экспорттық әлеуетті қолдау, елдегі импортты ұтымды пайдалану және әлемдік нарықта мал шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мәселелерін қамтуы тиіс. Көрсетілген мәселелер импортты алмастырудың тиімді саясатының көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Сондықтан импортты алмастыру саясатының мәселелерін қарастыру өзекті болып келеді.

Мақаланың мақсаты азаматтарды тұрақты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету үшін мал шаруашылығы өнімдері импорттын алмастыру бойынша нақты ұсыныстар жасау болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін жүйеленген бірнеше міндеттерді шешу қажет:

- мал шаруашылығы өнімдері импорттын алмастыруға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасау;

- Қазақстандағы мал шаруашылығы өнімдері бойынша экспорттық және импорттық сауда жеткізілімдерін талдау;

- мал шаруашылығы өнімдері импорттын алмастырудың дамуына кедергі келтіретін негізгі мәселелерді анықтау;

- отандық мал шаруашылығы өнімдері импорттын алмастыру саясатын күшейтуге бағытталған шаралар кешенін ұсыну.

Зерттеу әдістері. Мақалада жүйелік және статистикалық әдістерді қолдана отырып, отандық мал шаруашылығы өнімдерінің сыртқы саудадағы мәліметтері зерделеніп, импорт алмастыру бойынша арнайы бағыттағы ұсыныстар берілген.

Әдебиеттік шолу. Кез келген елдің импортты алмастыру саясаты отандық тауарлардың өндірісі мен бәсекеге қабілеттілігін ынталандыруға бағытталған. Сондықтан ғалымдар негізінен ұлттық өндірісті ынталандыру және мал өнімдерін импорттауды шектеу мәселелерін зерттейді.

Арауджо Е. және басқалары [2] ауыл шаруашылығы шикізатын жеткізуге импортқа тәуелділік деңгейі жоғары кейбір елдерде импортталатын тауарлардың сапасы және олардың өмір сапасына әсері мәселелері жеткізушілердің жоғалу қаупі мен нарықтық белгісіздікке байланысты екінші орынға қойылғанын атап өтті.

Поркк М. және басқалардың пікірінше [3], азық-түлік әкелуді шектеуді зерттеу тәсілдері «нөлдік аштық» мақсатына, олардың қауіпсіздігі мен халықтың өмір сүру сапасына әсері шеңберінде қол жеткізудің жаһандық мақсатымен, сондай-ақ халықтың өсуіне қатысты ұлттық азық-түлік өндірісінің өсуін шектеумен байланысты емес.

Кейбір ғалымдар импортты алмастыру мәселелерін ауылшаруашылық өнімдеріне қосылған құн экономикалық жаһанданумен байланыстырады.

Мәселен, Поп Дж. Басқалары [4] бағаның құбылмалылығы мен нарықтағы белгісіздік себептеріне назар аударады. Бұл, әрине, қарапайым халықтың азық-түлік қауіпсіздігі үшін кері әсер етеді және ауыл шаруашылығы өнімдерінің тізбегі мен экономиканы бұзады.

Свишер М.Е. және басқалар [5] экономикалық жаһандану жергілікті фермерлерден өнім жеткізуге баса назар аудара келе, жергілікті өкөжүйелер мен экономикаға «қоректік» тәуелділікті азайта отырып, тұрақты ауыл шаруашылығының маңызды тұжырымдамаларына қарсы екенін айтты.

Біздің отандық ғалымдардың еңбектерінде мал шаруашылығы саласында импортты алмастыру саясатын жүргізуге ықпал ететін негізгі бағыттар айқындалған.

Қазамбаева А.М. және басқалар [6] «Қазақстан Республикасында етті мал шаруашылығы саласының экспорттық әлеуетін дамыту үшін етті бағыттағы ірі қара мал басын ұлғайтуды қамтамасыз ету талап етіледі» деп санайды.

Есенғалиева С.М. және басқалардың пікірінше [7], мал шаруашылығын дамытудың стратегиялық бағыты халықты отандық өндіріс және Қазақстанның азық-түлік тәуелсіздігіне қол жеткізу есебінен жоғары сапалы азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі аса маңызды әлеуметтік-экономикалық міндетті шешу болып табылады.

Шуленбаева Ф.А. және басқалар [8] «республикадағы мал шаруашылығы экономиканың аграрлық секторының негізгі салаларының бірі болып табылатынын және осы секторға елдің импорттын алмастыруға елеулі үлес қосуға мүмкіндік беретін артықшылықтарға ие» екенін атап өтті. Импортты алмастыру жағдайында мал шаруашылығының алдында мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті тұр.

Денисова О.К. және басқалар [9] импортты алмастыруды агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық стратегияның бір түрі ретінде қарастырады, «импортталатын тауарларды отандық өндіріс өнімдерімен алмастыру арқылы ішкі өндірушіні қорғауға бағытталуы керек. Импортты алмастырудың нәтижесі өндірісті технологиялық жаңғыртуды ынталандыру, оның тиімділігін арттыру және мал шаруашылығы өнімдерінің жаңа бәсекеге қабілетті түрлерін игеру есебінен қазақстандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болуға тиіс».

Көріп отырғанымыздай, ғалымдардың зерттеулерінде мал шаруашылығы өнімдерін импортты алмастырудың әртүрлі мәселелері қарастырылған: импортталатын тауарлардың сапасы; өнімдердің

азаматтардың өмір сүру сапасына әсері; нарықтағы баға мәселелері; өнімді жеткізу ерекшеліктері; азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету; ішкі өндірушіні қорғау тетіктері; өндірісті технологиялық жаңғыртуды ынталандыру. Алайда, зерттеушілер селекциялық-генетикалық орталықтарды құру негізінде өнімділіктің өсу мәселелерін шешу, толыққанды тамақтандыруды қамтамасыз ету және өндірісті ұтымды ұйымдастырудағы сыртқы сауда мәселелеріне назар аудармайды.

Негізгі бөлім. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес мал шаруашылығын дамытудың негізгі басымдықтары азық-түліктің негізгі түрлері бойынша импортты алмастыратын инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету болып табылады [10].

Отандық мал шаруашылығы өнімдерінің сыртқы саудадағы байланысы жыл сайын өсіп келеді. Соңғы бес жыл ішінде сыртқы сауда көлемі 703,8 млн. АҚШ долларынан (2017 жылы) 1097,1 млн. АҚШ долларына дейін жеткен (кесте 1).

1-кесте

Қазақстан Республикасындағы жануарлардан алынатын өнімдердің экспорттық және импорттық жеткізілімдерінің арақатынасы*

Көрсеткіштер	2017	2018	2019	2020	2021
Барлығы, млн. АҚШ доллары оның ішінде	703,8	801,6	1039,0	962,7	1097,1
Экспорт					
- млн. АҚШ доллары	125,7	201,0	293,4	194,6	296,0
- үлесі (%)	17,86	25,07	28,24	20,21	26,98
Импорт					
- млн. АҚШ доллары	578,1	600,6	745,6	768,1	801,1
- үлесі (%)	82,14	74,93	71,76	79,79	73,02


* Авторлармен [11] негізінде әзірленген

Кесте мәліметтері Қазақстан Республикасы мал шаруашылығы өнімдерінің импорттық тауарларға тәуелділігін көрсетіп отыр. Егер 2021 жылы экспорт мөлшері 26,98 %-ды құраса, ал импорт үлесі 73,02 % болды. Ішкі нарықтағы арзан импорттық өнімнің болуы отандық өнім өндірушілерге кедергі келтіріп отыр.

Негізі ет көлемі ұсақ тауарлы өндіріспен сипатталатын жеке қосалқы шаруашылықтарда өндіріледі. Сонымен қатар, жеке қосалқы шаруашылықтардың өнім сапасын бақылаудың тиісті жүйесінің болмауына байланысты кейбір ет өндеуші кәсіпорындар жеткізілімдердің сапасы мен уақтылығына кепілдік беретін шетелдік шикізатты импорттауды жөн көреді.

Өндірістің ұсақ тауарлылығына байланысты мал етінің экспорты төмен деңгейде қалып отыр. Дегенмен, мал шаруашылығы өнімдерінің 2021 жылғы (296 млн. АҚШ доллары) экспорты 2017 жылмен (125,7 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда 2,4 есе өскен.

Қазақстан Республикасында өндірілетін мал өнімдерінің басты тұтынушыларына (2021 жылы - 81,8%) Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) елдері жатады (сурет 1).



1-сурет. 2017-2021 жылдардағы Қазақстан Республикасында экспортталған мал шаруашылығы өнімдерінің арақатынасы, %*


* Авторлармен [11] негізінде әзірленген

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша жануарлардан алынатын өнімдер көбінесе Ресей Федерациясына, Қырғызстанға, Қытайға және Арменияға жіберілген. Негізгі мал шаруашылығы өнімдеріне тірі жануарлар, ет және тағамдық қосымша ет өнімдері жатады.

Мал шаруашылығы саласының өндірістік базасын жаңарту, жаңа өндірістер салу, ескілерін жаңғырту жолымен тұтынушылардың әртүрлі санаттарының талаптарына қарай мал шаруашылығы өнімдері экспортының түрлерін кеңейту қажет.

Мал шаруашылығы өнімдері экспорты көлемі жыл сайын өскенімен, ішкі нарықта импортталатын өнімдер басым.

Қазақстан Үкіметі маңызды міндет ретінде импортты алмастыру және ет экспортын ұлғайту мәселелерін шешу қажеттігін айқындағанын ескере отырып, 2017-2021 жылдар аралығында мал шаруашылығы өнімдері импортталған мемлекеттерді қарастырған жөн (сурет 2).



2-сурет. 2017-2021 жылдардағы Қазақстан Республикасында импортталған мал шаруашылығы өнімдерінің арақатынасы, %*

* Авторлармен [11] негізінде әзірленген

Қазақстанда соңғы жылдары ТМД елдеріне әкелінген мал шаруашылығы өнімдері 56%-дан (2019 жылы) 63,9 %-ға (2021 жылы) өскен. Импортталаған тауарлардың басты үлесі Ресей, Беларусь және Қырғызстан мемлекеттеріне тиесілі. Көбінесе, Қазақстан аумағына ет өнімдері, жануарлардан алынатын тоң майлар, сүт өнімдері мен балауыздар жатады.

Біздің ойымызша, мал шаруашылығы өнімдері импортты алмастыруды дамытуға кедергі келтіретін негізгі мәселерге мыналар жатады:

- жоғары өзіндік құнына байланысты импортталғандармен салыстырғанда отандық тауарлардың жоғары бағасы;
- өндіріс технологияларының артта қалуына байланысты тауарлардың төмен сапасы;
- отандық өнімнің сапасы бойынша қажетті ақпараттық жарнаманың болмауы;
- мамандандыру бойынша нақты маркетингтік стратегияны және әлемдік нарықтың салыстырмалы артықшылықтарын елемей;
- ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының дамымауына байланысты тұрғындардың үлкен қалаларға кетуі.

Қазақстанның ауыл шаруашылығында импортты алмастыру үдерісін жеделдету үшін отандық өнімнің тиісті түрлерін өсіру көлемін ұлғайту, ауыл шаруашылығы өнімдерінің импорты мен экспортын реттеудің икемді жүйесін қалыптастырған жөн. Елдің ауыл шаруашылығы өнімдеріне аса маңызды импортқа тәуелділігін барынша азайту үшін алмастырғыш тауарлардың өндірісін дамыту қажет.

Қорытынды. Қазақстанда мал шаруашылығы өнімдерінің импортты алмастыру ерекшеліктерін зерделеу барысында отандық өнімнің өзіндік құнының жоғары болуымен, технологиялық артта қалумен, ақпараттық жүйенің дамымауымен байланысты мәселелер анықталды. Сондықтан отандық мал шаруашылығы өнімдері импортты алмастыру саясатын күшейтуге бағытталған мынадай шаралар кешені ұсынылады:

- ішкі сұранысты ұлғайтуға және импортқа сұранысты оңтайландыруға ықпал ететін отандық өнімді ілгерілету үшін тиімді сауда ақпараттық жүйесін жүргізу. Тұтынушылар ақпараттың аздығынан импорттық тауарларды отандық тауарларға қарағанда жақсы деп санайды. Сондықтан сатып алушылардың елімізде өндірілген отандық өнімдерге деген көзқарасын өзгерту қажет;

- импортты алмастырудың тиімді тетіктерін және импортты шектеу тәсілдерін қолдану. Іске асыру тетіктері: жеңілдікті несиелер және салық салу, ұлттық валюта бағамын көтеру, мемлекеттік реттеу. Импортты шектеу тәсілдері: тарифтік реттеу, квоталар, шектеу тізімдерін енгізу және ұлттық валютаның көптігі;

- мал шаруашылығының отандық өнімдерін сыртқы нарықтарға қайта бағдарлау. Бұл саясат елдің әлемдік нарықтағы азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға бағытталуы тиіс. Бұл жағдайда өндірістік, технологиялық, баға және басқару факторларын ескеру қажет;

- ғалымдардың ғылыми зерттеулерін ескере отырып, озыңқы импортты алмастыру саясатын құру. Қазіргі уақытта экономиканың кеңеюін тудыру үшін мал шаруашылығы өнімдерін өндіру негізінен бағалық бәсекеге қабілеттілікке бағытталған. Ол үшін елдің мал шаруашылығын өндірістік, зияткерлік және әлеуметтік капиталды молайтуға бағытталған технологияларды қолдану керек.

Осылайша, импортты алмастыруға шамадан тыс назар аудару мал шаруашылығын қолдауға бюджет шығындарының өсуіне әкелуі мүмкін. Бұл өз кезегінде монополиялардың пайда болуына және бәсекелестіктің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан болашақта мал шаруашылығы өнімдерінің абсолютті және салыстырмалы сауда бәсекеге қабілеттілігін жақсарту үшін экономиканың жаһандануы жағдайында отандық нарықтың ролін зерттеу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана. 2 сентября 2019 года // https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana

2. Araujo E., Sergio R., Fellmann T. Yield Variability and Harvest Failures in Russia, Ukraine and Kazakhstan and Their Possible Impact on Food Security in the Middle East and North Africa. *Journal of Agricultural Economics*. – 2020. – 71. – P. 493-516.

3. Porkka M., Guillaume J., Siebert S., Schaphoff S., & Kummu M. (2017). The use of food imports to overcome local limits to growth. *Earth's Future*. – 5. – P. 393-407.

4. Popp J., Oláh J., Fekete M.F., Lakner Z., Máté D. The relationship between prices of various metals, oil and scarcity. *Energies*. – 2018. – 11(9). – 2392 p.

5. Swisher M.E., Ruiz-Menjivar J, Koenig R. Value chains in renewable and sustainable food systems. *Renewable Agriculture and Food Systems*. – 2018. – 33(1). – P. 1-5.

6. Kazambayeva A.M., Aiesheva G.A., Yesengaliyeva S.M. Sustainable development of agricultural production based on the use of the resource potential of the region // *Journal of Environmental Management and Tourism*. – 2019. – № 10 (7). – P. 1478-1485.

7. Есенғалиева С.М., Мансурова М.А., Махмудов А.Д., Федорченко Л.В. Современное состояние и тенденции развития животноводства в Республике Казахстан // *Экономика: стратегия и практика*. – № 2 (16), 2021. – С. 134-144.

8. Шуленбаева Ф.А., Окутаева С.Т., Маденова К.М. Проблемы и перспективы развития отрасли животноводства // *Проблемы агрорынка*. – 2018. – № 2. – С. 155-161.

9. Денисова О.К., Козлова М.В., Рахимбердинова М.У. Возможности импортозамещения продукции животноводства в Республике Казахстан // *Экономика: стратегия и практика*. – № 1 (15). – 2020. – С. 5-61.

10. Об утверждении Концепции развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021-2030 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2021 года № 960. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960>.

11. Внешняя торговля Республики Казахстан за 2017-2021 годы. Статистический сборни. Астана: Бюро национальной статистики, 2022. – 264 с. – <https://www.stat.gov.kz/edition/publication/collection>.

REFERENCES

1. Poslanie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazahstana. Konstruktivnyj obshhestvennyj dialog – osnova stabil'nosti i procvetaniya Kazahstana. 2 sentjabrja 2019 goda [The message of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan. Constructive public dialogue is the

basis of stability and prosperity of Kazakhstan. September 2, 2019] // https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana [in Russian]

2. Araujo E., Sergio R., Fellmann T. Yield Variability and Harvest Failures in Russia, Ukraine and Kazakhstan and Their Possible Impact on Food Security in the Middle East and North Africa. *Journal of Agricultural Economics*. – 2020. – 71. – P. 493-516.

3. Porkka M., Guillaume J., Siebert S., Schaphoff S., & Kummu M. (2017). The use of food imports to overcome local limits to growth. *Earth's Future*. – 5. – P. 393-407.

4. Popp J., Oláh J., Fekete M.F., Lakner Z., Máté D. The relationship between prices of various metals, oil and scarcity. *Energies*. – 2018. – 11(9). – 2392 p.

5. Swisher M.E., Ruiz-Menjivar J, Koenig R. Value chains in renewable and sustainable food systems. *Renewable Agriculture and Food Systems*. – 2018. – 33(1). – P. 1-5.

6. Kazambayeva A.M., Aiesheva G.A., Yesengaliyeva S.M. Sustainable development of agricultural production based on the use of the resource potential of the region // *Journal of Environmental Management and Tourism*. – 2019. – № 10 (7). – P. 1478-1485.

7. Esengaliyeva S.M., Mansurova M.A., Mahmudov A.D., Fedorchenko L.V. Sovremennoe sostojanie i tendencii razvitija zhivotnovodstva v Respublike Kazahstan [The current state and trends in the development of animal husbandry in the Republic of Kazakhstan] // *Jekonomika: strategija i praktika*. – № 2 (16), 2021. – S. 134-144 [in Russian].

8. Shulenbaeva F.A., Okutaeva S.T., Madenova K.M. Problemy i perspektivy razvitija otrasli zhivotnovodstva [Problems and prospects of development of the livestock industry] // *Problemy agrorynka*. – 2018. – № 2 – S. 155-161 [in Russian].

9. Denisova O.K., Kozlova M.V., Rahimberdinova M.U. Vozmozhnosti importozameshhenija produkcii zhivotnovodstva v Respublike Kazahstan [Possibilities of import substitution of livestock products in the Republic of Kazakhstan] // *Jekonomika: strategija i praktika*. – № 1 (15). – 2020. – S. 45-61 [in Russian].

10. Ob utverzhdenii Konceptii razvitija agropromyshlennogo kompleksa Respubliki Kazahstan na 2021-2030 gody On approval of the Concept of development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2021-2030. Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan ot 30 dekabrya 2021 goda № 960. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000960> [in Russian].

11. Vneshnjaja trgovlja Respubliki Kazahstan za 2017-2021 gody [Foreign trade of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021]. *Statisticheskij sborni*. Astana: Bjuro nacional'noj statistiki, 2022. – 264 s. – <https://www.stat.gov.kz/edition/publication/collection> [in Russian].

Егембердиев Р.А., Есиркепова А.М., Камалов А.А., Мухамедиева Г.М.

ОСОБЕННОСТИ ИМПОРТОЗАМЕЩЕНИЯ ПРОДУКТОВ ЖИВОТНОВОДСТВА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье рассмотрены роль импортозамещения продукции животноводства в обеспечении продовольственной безопасности страны. Особое внимание уделено исследованиям ученых, связанные с различными аспектами импортозамещения продукции животноводства: качества импортируемых товаров; влияния продуктов на качество жизни граждан; вопросы ценообразования на рынке; особенности поставка продукции; обеспечение продовольственной безопасности; механизмы защиты внутреннего производителя; стимулирование технологической модернизации производства. Авторами статьи определены основные проблемы, препятствующие развитию импортозамещения продукции животноводства: высокие цены отечественных товаров по сравнению с импортными из-за высокой себестоимости; низкое качество товаров из-за отсталости технологий производства; отсутствие необходимой информационной рекламы по качеству отечественной продукции; игнорирование четкой маркетинговой стратегии по специализации и сравнительных преимуществ мирового рынка; отток граждан в большие города из-за неразвитости социальной инфраструктуры села. В статье предложены комплекс мер, направленных на усиление политики импортозамещения отечественной продукции животноводства: провести эффективную торговую информационную систему для продвижения отечественной продукции, способствующую увеличению внутреннего спроса и оптимизацию спроса на импорт; применить эффективные механизмы импортозамещения и способы ограничения импорта; переориентация отечественной продукции животноводства на внешние рынки; создать политику опережающего импортозамещения, ориентированных на научные исследования ученых.

Yegemberdiyev R., Yessirkepova A., Kamalov A., Mukhamediyeva G.

**FEATURES OF IMPORT SUBSTITUTION
OF LIVESTOCK PRODUCTS IN KAZAKHSTAN**

Annotation

The article considers the role of import substitution of livestock products in ensuring food security of the country. Special attention is paid to the research of scientists related to various aspects of import substitution of livestock products: the quality of imported goods; the impact of products on the quality of life of citizens; pricing issues in the market; features of product delivery; ensuring food security; mechanisms for protecting domestic producers; stimulating technological modernization of production. The authors of the article identified the main problems hindering the development of import substitution of livestock products: high prices of domestic goods compared to imported ones due to high cost; low quality of goods due to the backwardness of production technologies; lack of necessary information advertising on the quality of domestic products; ignoring a clear marketing strategy for specialization and comparative advantages of the world market; outflow of labor resources to large cities due to the underdevelopment of the social infrastructure of the village. The article proposes a set of measures aimed at strengthening the policy of import substitution of domestic livestock products: to conduct an effective trade information system for the promotion of domestic products, contributing to an increase in domestic demand and optimization of import demand; to apply effective import substitution mechanisms and ways to restrict imports; reorientation of domestic livestock products to foreign markets; to create a policy of advanced import substitution, focused on scientific research by scientists.

